

**МАЗМҰНЫ**

**СОДЕРЖАНИЕ**

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж.Асановтың хаты .....	2	Письмо Председателя Верховного Суда Ж.Асанова.....	4
Әрқайсымыз заңды құрметтеуге және оны мүлтіксіз орындауға тиіспіз.....	6	Мы все должны уважать и неукоснительно соблюдать законы.....	6
«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы..	14	Закон Республики Казахстан от 7 декабря 2021 года «Об амнистии в связи с тридцатилетием Независимости Республики Казахстан» .....	29
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысы .....	44	Нормативное постановление Верховного Суда от 8 декабря 2021 года № 3 «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан по уголовному и уголовно-процессуальному законодательству».....	51
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	58	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан .....	58
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	67	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан .....	67
Мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар бойынша сот практикасын қорыту .....	76	Обобщение судебной практики по спорам в сфере государственных закупок .....	76



## *Құрметті әріптестер!*

Жыл соңына дейін бір айдан аз уақыт қалды.

Биылғы жыл оңай болған жоқ. Сот жүйесін жетілдіру, оның тәуелсіздігін нығайту және сот төрелігінің сапасын жақсарту үшін ірі мәселелерді шешуге тура келді.

Мұның бәрін жылдық кеңесте қорытындылаймыз.

Атап өткім келетіні, жоспарымыздың басым бөлігі ойдағыдай іске асты. Алда тұрған міндеттер де аз емес.

Бұл бағытта біраз ауыртпалық Соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі Департамент пен оның өңірлік бөлімшелеріне түсіп отырғаны белгілі.

Сот қызметкерлері судьялардың жұмысына күнделікті жағдай жасайды, сот процестерін ұйымдастыруға көмектеседі, заңнаманы жетілдіруге қатысады, сот ісін жүргізудегі маңызды сұрақтарды шешу үшін басқа органдармен байланыс жасайды.

Сондықтан оларды лайықты еңбекақымен қамтамасыз ету мәселесі біз үшін үлкен басымдықтардың бірі.

Осыған орай қуанышты жаңалықпен бөліспекпін.

Мемлекет Басшысы кеше «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға қол қойды.

Онда әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап факторлық-балдық шкала бойынша ақы төлеудің жаңа жүйесіне қажетті қаржы қарастырылып отыр.

Мақсат: қызметшілердің жауапкершілігін арттыру және нәтижелі жұмысқа ынталандыру. Жаңа жүйе бойынша олардың лауазымдық жалақысы үш жыл ішінде кезең-кезеңмен өсе түспек.

Біз үшін, ең алдымен, аудандық және облыстық деңгейдегі әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің айлығын көтеру маңызды болды.

Қосымша ынталандыру ретінде еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі жыл қорытындысымен сыйлықақыны енгізіп отыр. Ол үшін еңбекақы төлеудің жылдық қорында әрбір әкімшілік мемлекеттік қызметшіге қосымша 2 лауазымдық жалақы көзделген.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша сыйлықақы 2022 жылдың қорытындысымен 2023 жылғы I тоқсанда төленетін болады.



Мемлекеттік қызметшілермен қатар азаматтық қызметшілер және еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндер де назардан тыс қалған жоқ.

Мемлекет Басшысының 2021 жылғы 1 қаңтардағы Жолдауына сәйкес 2022 жылдан бастап азаматтық қызметшілер мен штаттан тыс қызметкерлердің айлығын 4 жыл көлемінде кезең-кезеңімен көтеру көзделген.

Әрине, осымен тоқтап қалмаймыз. Сот органдарының қызметкерлерін ынталандыру мен олардың жұмыс жағдайын жақсарту бағытында жұмысымызды белсенді түрде жалғастыра береміз.

Баршаңызды алда келе жатқан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

**Құрметпен,  
Ж. Асанов**





## *Уважаемые коллеги!*

Осталось меньше месяца до завершения 21го года.

Год был насыщенным. Мы ставили перед собой серьезные задачи по совершенствованию судебной системы, укреплению ее независимости и повышению качества правосудия.

Итоги мы подведем на годовом совещании.

Хочу лишь отметить, что большинство наших планов реализовано, много сделано, но немало предстоит еще впереди.

Значительную нагрузку в этой работе несет Департамент по обеспечению деятельности судов и его территориальные подразделения.

Сотрудники судов ежедневно создают условия для работы судей, помогают в организации судебных процессов, участвуют в совершенствовании законодательства, взаимодействуют с другими органами и организациями для выполнения важных для судопроизводства задач.

Поэтому вопрос обеспечения их достойной оплатой труда был в числе приоритетных для нас.

В этой связи спешу поделиться хорошей новостью для сотрудников судов.

Главой государства вчера подписан Закон «О республиканском бюджете на 2022-2024 годы».

В нем заложены необходимые средства для новой системы оплаты труда административных госслужащих по факторно-бальной шкале (ФБШ) с 1 января 2022 года.

Новая система направлена на усиление ответственности и мотивации работников и предусматривает поэтапное повышение их должностных окладов в течение трех лет.

Для нас было важным в первую очередь поднять заработную плату адмгосударственным служащим районного и областного звена.

В качестве дополнительного стимула новая система оплаты труда впервые вводит премирование по итогам работы за год. Для этого в годовой фонд оплаты труда на каждого адмгосслужащего дополнительно включены по 2 должностных оклада.

Премия по итогам работы за 2022 год по новой системе оплаты труда будет выплачена в I квартале 2023 года.



Не остаются без внимания и гражданские служащие, и работники по трудовому соглашению.

В соответствии с Посланием Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2021 года предусмотрено поэтапное, в течение четырех лет, начиная с 2022 года, повышение должностного оклада гражданских служащих и внештатных работников.

Сообщая об этом, добавлю, что мы продолжим работу над совершенствованием мотивации и улучшением условий труда работников, обеспечивающих деятельность судов.

Поздравляю всех с наступающим праздником – Днем Независимости Казахстана!

**С уважением,  
Ж. Асанов**



**Жақып АСАНОВ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы:**

### **ӘРҚАЙСЫМЫЗ ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ЖӘНЕ ОНЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАУҒА ТИІСПІЗ**

– Жақып Қажыманұлы, Тәуелсіздігіміздің отыз жылы ішінде елімізде әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи сот жүйесі қалыптасты. Сот саласында Елбасының игі бастамасымен әрі жіті бақылауымен іргелі реформалар жүргізілді. Мызғымас мемлекет болып қалыптасуымыздың маңызды кезеңінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сот жүйесіне сіңірген ең үлкен еңбегін тарқатып айтып берсеңіз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіз Қазақстанның жылнамасы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылық тарихы» деп әділ атап өтті. Шын мәнінде, сот жүйесін реформалауда Елбасының алар орны ерекше. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан үлкен серпіліс жасап, терең проблемалары, инфляциясы, жұмыс істемейтін кәсіпорындары, жаппай тауар тапшылығы бар елден Еуразиядағы экономикасы серпінді дамып келе жатқан қуатты мемлекеттер қатарына енді. Саяси, әлеуметтік және экономикалық салалардағы қайта құрулармен қатар Елбасының саяси ерік-жігерінің және ерекше көшбасшылық қасиеттерінің арқасында үздік әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи сот жүйесі қалыптасты.

– **1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституция сот билігін мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде бекітіп берді емес пе?**

– Иә, 1995 жылғы Конституция сот билігін мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде жүзеге асырудың негіздерін регламенттеді. Ата Заңымыз азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз етуді, судьялардың құқықтық мәртебесін, сот төрелігі қағидаттарын және басқа да маңызды ережелерді айқындады.

Сот билігін ұйымдастыру мәселелерін айқындаған тағы бір маңызды құжат Президенттің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығы болды. Ол сот билігі және оны жүзеге асырудың кепілдіктері туралы конституциялық ережені бекітті әрі дамытты.







**– Мамандандырылған соттардың сот жүйесіндегі рөлі қандай?**

– Осы уақыт ішінде мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттар (2002 ж.), кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар (2007 жылдан бастап), аса ауыр қылмыстар туралы істер қаралатын әскери және қылмыстық соттар (2010 ж.) құрылды. Сот жүйесіне қан жүгірді, біртұтас организм сияқты кешенді түрдегі жұмыс жолға қойылды.

Судьялардың тәуелсіздігін арттыру үшін «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға 2012 жылғы 16 ақпандағы түзетулермен тәртіптік-біліктілік алқалары таратылып, судьяларға қатысты тәртіптік іс қозғау және тәртіптік істерді қарау өкілеттіктері Сот жюриіне беріле отырып, Жоғары Сот Кеңесінің рөлі, судьялар тәуелсіздігінің материалдық және әлеуметтік кепілдіктері және т. б. күшейтілді.

**– 1 шілдеден елімізде әкімшілік соттар құрылып, жұмыс істеп жатыр. Сот жүйесіндегі осы жаңа құрылым жайлы айтсаңыз.**

– Әділет министрлігімен бірлесіп әзірлеген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс өткен жылы қабылданып, 2021 жылғы 1 шілдеден күшіне енді. Әкімшілік әділет «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша азаматтардың мемлекеттік органдармен дауларын қараудың жаңа ережелерін белгілейді. Жаңа ережелер бойынша жауапкер өз шешімінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдейді. Адамдар немесе ұйымдар оның шешімімен келіспейтіні туралы өтініш берсе жеткілікті. Бұл олардың құқықтарын қорғауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, сот талап арыздың тұжырымдауына тәуелді болмайды. Талап қоюшы талап арызын тұжырымдауда және өзгертуде, формальды қателерді жоюда және т. б. соттың көмегіне сенім артуға құқылы болады. Сондай-ақ судья өз шешімінің орындалуын бақылайды. Сот шешімін орындауға мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу көзделеді. Кодексте басқа да көптеген прогрессивті жаңашылдықтар бар.

Қазіргі уақытта біз әкімшілік әділет деп атап жүрген бұл кодекстің заң жүзінде орындалуына барлық жағдай жасалған.

Жоғарғы Сотта бұған дейін жұмыс істеп келген Мамандандырылған сот алқасы таратылып, оның орнына Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы құрылды және мұндай сот алқасы облыстық соттарда да құрылды. Сондай-ақ еліміз бойынша қазіргі кезде әкімшілік істер жөніндегі 21 сот алқасы (1 сатыда) жұмыс істеп жатыр.

Әкімшілік соттардың жұмысына келсек, 1 шілдеден бері соттарға 9 мыңнан астам іс келіп түсті. Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар сотқа бұл істердің 49 пайызы бойынша ұтылған. Басқаша айтсақ, сотқа жүгінген барлық адамдар мен кәсіпкерлердің жартысынан астамы өз талаптарының дұрыстығын дәлелдеп, мемлекеттік



органдар актілерінің заңсыз шығарылғанына соттың көзін жеткізе білген. Бұл, әрине, ойлантарлық жағдай.

**– Сот жүйесінің одан әрі дамуына жаңаша серпін беретін, сот төрелігінің сапасын арттыруға негіз болатын мықты кадрлар екені белгілі. Білікті заңгерлерді іріктеу қалай жүзеге асырылып отыр?**

– Біз «соттың беделі – мемлекеттің беделі» екенін әсте естен шығарған емеспіз. Ол үшін сот жүйесі уақыттың сын-қатерлеріне сәйкес үздіксіз жетіліп отыруы тиіс. Заңды сақтау – әрбір судья үшін бұлжымас талап. Судьялардың міндеті – кәсіби заң маманы болу, ұйымшылдықтың, мәдениеттің және жауапкершіліктің үлгісін көрсете білу.

Бұл мақсатқа қол жеткізуде Елбасы мен Мемлекет басшысының алдымызға қойған үш міндеті бар.

Біріншіден, судьялық кадрларды жақсарту.

Екіншіден, соттардың тәуелсіздігін күшейту.

Үшіншіден, сот қызметінің сапасын арттыру.

Осы тапсырмаларды орындау үшін 2018 жылы Жоғарғы Сот «Сот төрелігінің жеті түйіні» атты жаңа бағдарламасын қабылдады.

Сот реформасы жоғарыдан емес, төменнен бастау алды. Жобалық менеджменттің негізінде оған тек судьялар ғана емес, сот процесіне қатысушылардың барлығы – адвокаттар, прокурорлар, медиаторлар, заңгерлік қауымдастықтың өкілдері белсене атсалысты.

2013 жылы судьялардың VI Съезінде Елбасы өзге де маңызды міндеттермен қатар соттарда жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу қажеттігін атап өтті. Бұл көптеген бағдарламалық құжаттарда, оның ішінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Осы тапсырманы орындау үшін барлық сот процестеріне аудиобейнетіркеу енгізілді, электрондық азаматтық және қылмыстық істерге көшу, сот отырысының электрондық залдарын құру жөніндегі және тағы басқа шаралар іске асырылды.

Елбасы ұсынған сот төрелігін цифрландыру жөніндегі жұмыс осы күнге дейін табысты жалғасын тауып келеді. Соның арқасында біздің соттар әлемдік пандемия басталған кезде елімізде жарияланған төтенше жағдайдың алғашқы күнінен-ақ сот отырыстарын онлайн-форматта өткізуге заңнамалық және техникалық тұрғыдан дайын болды. Бізге тек серверлік қуатты және электронды сақтау көлемін ұлғайтуға, бірқатар ІТ-сервистерді жетілдіруге тура келді. Егер 2020 жылдың басында күніне онлайн түрінде 150 процесс өтсе, қазір бұл күн сайын 4,5 мыңға жуықтады. Бүгінде республикадағы сот процестерінің 95-97 пайызы онлайн режимде өтеді.

**– Заңдар бүгінгі күн талабына сай жаңартылып жатыр емес пе?**

– Заңнама уақыт талабына сай жаңартылып отыратыны заңдылық.

Соңғы он жылда процестік заңдар жаңартылды. 2015 жылғы 1 қаңтардан жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодекстер және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, 2016 жылғы 1 қаңтардан жаңа редакциядағы Азаматтық процестік кодекс күшіне енді.

Қолға алған бастамаларды іске асыру үшін 2018-2021 жылдары 31 заң жобасы әзірленіп, оның 23-і қабылданды, 5-еуі Парламенттің қарауында, қалған 3-еуі қазір мемлекеттік органдарда зерделену үстінде.

**– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесінің жұмысын және заң үстемдігін қамтамасыз ету мәселесін бақылауына алғанын айтты. Жалпы, соңғы жылдары судья кадрларын жақсарту, судьялардың тәуелсіздігін күшейту, сот қызметінің сапасын арттыру бағытында нақты қандай жұмыстар атқарылды?**

– Соңғы үш жылда азаматтардың соттарға деген реніші едәуір азайды. Неге? Себебі, Жоғарғы Сот 2018 жылдан бастап жаңа жобалық менеджментті іске қосты. Ол «Сот төрелігінің 7 түйіні» деп аталғанын жаңа айттым.

Бүгінде «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «Сотқа дейін, сотта татуласу» сияқты ірі жобалар нәтижесін беруде.

Жаңа судьяларды іріктеу тәртібі түбегейлі өзгерді. Жұмыс істеп жүрген судьяларды бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Олардың тәуелсіздігін арттыру үшін судьялардың өзін-өзі басқару органдары қайта құрылып, барлық судьяларға сот жүйесінің маңызды мәселелерін шешуге қатысуға мүмкіндік берілді. Облыстық соттардың сот алқаларының төрағаларын конкурстық іріктеу енгізілді. Сот төрағаларының өкілеттіктері екі мерзіммен шектелді.

Азаматтық процесте соттың рөлі күшейе түсті. Егер бұрын процесте судья талап арыздар мазмұнымен шектелген болса, қазір оған істің барлық мән-жайын анықтау үшін бастама көтеру өкілеттігі берілген. Ол тараптар ұсынбаған дәлелдемелерді талап етуге, тараптармен істің мән-жайын талқылауға, процесс барысында тараптардың дәлелдері туралы өз пікірін айтуға құқылы. Сондай-ақ тараптардың татуласуы үшін қосымша жағдайлар жасалады. Соттар біркатар артық сот рәсімдерінен құтылды, бұл істерді неғұрлым жедел және тиімді шешуге мүмкіндік береді. Тараптар келіскен жағдайда дауды АХҚО сотының қарауына беруге болады. Электрондық сот төрелігі бөлігінде және сот ісін жүргізуді оңайлатуға және процеске тартылған барлық адамдардың мүдделеріне бағытталған басқа да жаңалықтар енгізілді. Қылмыстық процесте алқабилер сотының соттылығы кеңейтілді.



**– Жұртшылықтың сотқа сенімін арттыру үшін не істеу қажет?**

– Қоғамның сеніміне ие болу – оңай іс емес. Себебі, халықтың судьяларға деген талаптары күн санап артып келеді. Сол себепті де уақыт сұранысына сай судья кадрларын іріктеу күшейтілді. Бұл, шындап келгенде, халық сеніміне ие болудың бірден-бір кепілі. Қазіргі кезде судьялыққа үміткер алдымен кешенді психологиялық тестілеуден өтеді. Содан кейін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде заңдардан тест тапсырады, кейстерді шешеді, эссе жазады, әңгімелесуден өтеді. Конкурстан сәтті өте ме, өтпей ме, ол толығымен үміткердің жеке басының қасиетіне байланысты.

2019 жылға дейін үміткерлердің 25 пайызы судьялыққа өтсе, 2019 жылдан бері конкурстан үміткерлердің тек 6 пайызы ғана өткен. Елбасы тапсырғандай, кездейсоқ заңгерлерге судьялыққа жол жабылды деген сөз.

Деректерге жүгінсек, судьялық конкурста 2016 жылы 55, 2017 жылы 70, 2018 жылы 71 кандидат тапсырса, ал енді 2019 жылы 130, 2020 жылы 170, биылғы жылғы 6 айда 90 кандидат судьялық лауазымына құжат тапсырды. Ел басшылығы алға міндет етіп қойғандай, судьялық қызметке білікті, жас әрі тәжірибелі, озық ойлы, ой-ниеті таза кадрларды таңдап алуымызға заңдық тетіктер жасалынғанын осыдан көруге болады.

Ал қызметтегі судьяларды бағалауды Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Оның жұмыс әдістемесін бекіттік. Шетелдік сарапшылар бұл құжатты судьяларды бағалаудың тиімді құралы деп атады.

**– Кейінгі екі жыл көлемінде республикамыздың Жоғарғы Сот органы халықаралық бірқатар ірі шараларды өткізді. Олардың мақсаты не? Соған тоқталсаңыз.**

– 2019 жылы қыркүйек айында 97 елдің 300-ден астам судьясы мүшесі болып саналатын Судьялардың халықаралық қауымдастығының (МАС) 62-конференциясы және 60 елден 200 делегат қатысқан Соттарды әкімшілендіру жөніндегі халықаралық қауымдастықтың (МАСА) 14-конференциясы алғаш рет Нұр-Сұлтан қаласында сәтті өтті.

Халықаралық форумда пандемия жағдайындағы сот жүйесінің дамуы, келешегі, жаңа технологияларды игеру туралы келелі мәселелер талқыланды.

Өткен жылы қазан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Жоғарғы Сотта Қазақстан судьяларының VIII Съезі онлайн режимде өтіп, оған республикамыздан 400 делегат пен қонақ қатысты. 2020 жылы елордамызда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің (Үндістан, Қытай, Пәкістан, Ресей, Өзбекстан және бақылаушы мемлекеттер: Ауғанстан, Беларусь, Иран, Моңғолия) Жоғарғы соттары төрағаларының XV Кеңесі өтті.

Биыл маусымда Жоғарғы Сот жанындағы Халықаралық кеңестің кеңейтілген отырысы аясында дипломатиялық корпуспен брифинг өткізілді. Алқалы басқосуға 200 адам қатысты.

Халықаралық деңгейде өткен осы шаралар барысында ел басшылығының бастамаларымен Тәуелсіздігіміздің отыз жыл бедерінде және соңғы кездері қазақстандық сот жүйесінде қол жеткізілген жетістіктер мен жаңашылдықтар, келешек жобаларымыз шетелдік заңгерлік қауымдастыққа және дипломатия өкілдеріне кеңінен таныстырылды.

**– Енді Жоғарғы Соттың алдағы уақытта атқарылатын бастамалары туралы аздап айтып өтсеңіз.**

– Алдымен, қылмыстық іс жүргізуге байланысты бастамаларымызға тоқталайын. Мұндағы басты мәселе сот өндірісіндегі шынайы бәсекелестіктің жоқтығы дер едім.

Меніңше, судьяның істі қарауға дейін толық білуі зиянды. Ол айыптау парадигмасының ықпалына түседі. Сондықтан біз сотқа қазіргідей істі түгелімен емес, тек айыптау актісі мен қорғау актісін беруді ұсынып отырмыз. Бұл Елбасының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан сот төрелігінің үш сатылы моделін жүзеге асыруды аяқтайды.

Азаматтық процесс бойынша да бірқатар бастамаларымыз бар.

Біріншісі – «Сотқа дейінгі хаттама». Ол қолданылатын елдерде көптеген даулар сотқа дейін жетпейді. Өйткені тараптар сотқа дейін бір-біріне барлық дәлелдемелерді ашуы керек. Нәтижесінде сотқа беру керек пе, жоқ па, соны өздері түсінеді.

Екіншісі – «Экстерриториялық юрисдикция». Қазір сотқа келіп түскен істі IT-жүйе автоматты түрде сол соттың нақты бір судьясына бөледі. Енді осы тәртіпті бір соттың емес, республикадағы барлық соттардың арасында бөлуді ұсынып отырмыз. Әрине, мамандануына сәйкес және жұмыс көлемін ескере отырып. Айталық, талапкер мен жауапкер Алматыдан болса, талап арыз басқа өңірде, мысалы Петропавлда немесе Оралда қаралуы мүмкін. Сонда тамыр-таныс, туыс-жекжат қатынасы жүрмейді. Ондай мүмкіндік әлдеқайда азаяды. Бұл біздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралымыз.

Үшінші. Біз сот актілерінің жобаларын дайындайтын роботты енгіземіз. Бұл даусыз істер және олар судьяның пікірін талап етпейді. Робот шешім жобасын дайындайды. Судья оны тексеріп, қол қояды.

Төртінші жаңалық – «Үлгі шешім». Соттарда осыған ұқсас көптеген талаптар бар. Мұндай жағдайларда жоғары тұрған сот осындай бір істі талап етіп, ол бойынша шешім шығарады. Ол жергілікті соттар үшін тірек, бағыт болады.

Бесінші. Қазақстанның «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге бірыңғай сот тәжірибесін түзеу үшін біз Digital Analytics



IT-бағдарламасын жасап жатырмыз. Оны қаңтар айынан бастап ресми түрде іске қосамыз.

Бұл IT-өнім сот ісін болжауға мүмкіндік береді. Бұл қарапайым халыққа да, кәсіпкерлерге де, инвесторларға да пайдалы болары сөзсіз.

**– Жақып Қажыманұлы, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Елбасымыз іргесін қалаған сот жүйесіндегі іргелі істерді атап өттік. Сөз соңында оқырмандарға айтар жүрекжарды тілегіңіз қандай?**

– Еліміздің кез келген азаматы өз құқығын қорғау үшін заңгер болуға міндетті емес. Ол міндетті атқаратын адвокат, заңдылықты қадағалайтын прокуратура органдары бар. Бірақ, әрқайсымыз заңды сыйлауға және оны мүлтіксіз орындауға тиіспіз. Сонда ғана елімізде тәртіп, ынтымақ, өсіп-өркендеу болады. Заңға бағынған, соты беделді мемлекетке инвестиция келеді, бизнес дамиды, тұрғындардың әл-ауқаты жақсарады. Ел басшылығының сот реформасын жүргізуінің түпкі мақсаты – осы.

Әңгіме үстінде оқырмандарды, барша қауымды Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Осы биік белеске қол жеткізуде еліміз басшылығының игі бастамаларын жауапкершілікпен орындап жүрген республика соттарының қызметкерлері мен ардагерлеріміздің ерен еңбегін айта кеткім келеді.

Еліміз одан әрі өркендеп, халқымыздың ырыс-ынтымағы мен береке-бірлігі артып, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекеттігіміз ғұмырлы бола берсін деп тілеймін!

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Нұрлан ҚАЛҚА,  
Жоғарғы Сот Төрағасының кеңесшісі**



## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

### **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты, ізгілік қағидаты басшылыққа алына отырып қабылданды.

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғым**

Осы Заңның мақсатында әлеуметтік жағынан осал адамдарға:

«Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылатын ардагерлер мен басқа да адамдар;

қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге елу жасқа толған және ол жастан асқан әйелдер, алпыс жасқа толған және ол жастан асқан ер адамдар;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жүкті әйелдер;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге ата-ана құқықтарынан айырылмаған және он сегіз жасқа толмаған балалары, оның ішінде асырап алған не қорғаншылыққа және (немесе) қамқоршылыққа алған балалары бар не қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және сотталған кезінде асырауында жасына қарамастан мүгедек баласы (мүгедек балалары), сондай-ақ бала кезінен мүгедек баласы (мүгедек балалары) болған әйелдер;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге ата-ана құқықтарынан айырылмаған және кәмелетке толмаған, оның ішінде асырап алған балаларының жалғыз ата-анасы болып табылатын не қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және сотталған кезінде асырауында жасына қарамастан мүгедек баласы (мүгедек балалары), сондай-ақ бала кезінен мүгедек баласы (мүгедек балалары) болған ер адамдар;

осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылғандар жатады.

#### **2-бап. Қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босату**

1. Қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан:

1) қылмыстық теріс қылықтар және (немесе) онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар;

2) залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдар;



3) залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыстар жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар босатылады.

2. Негізгі жазадан теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалған, ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін сотталғандар босатылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, іс жүргізудегі қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер қылмыстық процесті жүргізетін органның адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, тоқтатуына жатады.

4. Жасағаны үшін қосымша жазаны міндетті түрде тағайындау көзделетін, соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды сот негізгі жазадан босатады.

5. Осы баптың 1-тармағының күші қолданылатын сотталғандар негізгі жазасын ғана одан әрі өтеуден босатылуға жатады.

### **3-бап. Негізгі жазаның мерзімдері немесе мөлшерлерін қысқарту**

1. Осы Заңның 2-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларының күші қолданылмайтын, ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімі немесе мөлшері екіден бір бөлігіне қысқартылады.

2. Жазасын өтеп жатқан немесе оны әлі орындамаған әлеуметтік жағынан осал адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшерлері:

1) ауыр қылмыстар бойынша – екіден бір бөлігіне;

2) аса ауыр қылмыстар бойынша төрттен бір бөлігіне қысқартылады.

3. Әлеуметтік жағынан осал адамдарды қоспағанда, жазасын өтеп жатқан немесе оны әлі орындамаған адамдарға қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды және өздеріне қойылған талап қою талаптарын толық өтеген жағдайда не олар болмаған кезде негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшерлері:

1) ауыр қылмыстар бойынша – үштен бір бөлігіне;

2) аса ауыр қылмыстар бойынша бестен бір бөлігіне қысқартылады.

4. Осы баптың 3-тармағының күші қолданылмайтын адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшерлері:

1) ауыр қылмыстар бойынша – бестен бір бөлігіне;

2) аса ауыр қылмыстар бойынша алтыдан бір бөлігіне қысқартылады.

5. Теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалған, ауыр және аса

ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға негізгі жазасының өтелмеген бөлігінің мөлшері қысқартылады.

**4-бап. Рақымшылық жасау қолданылмайтын адамдар**

Осы Заңның күші:

- 1) террористік қылмыстар жасаған;
- 2) экстремистік қылмыстар не экстремизм белгілері бар қылмыстар жасаған;
- 3) азаптаулар жасаған;
- 4) қылмыстардың қайталануы немесе қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған;
- 5) өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалған;
- 6) қылмыстық топ, ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым құрамында қылмыстар жасаған;
- 7) өздеріне қатысты жаза орындалған және жазасын өтеген;
- 8) жиынтығында олардың біріне осы Заңның күші қолданылмайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған;
- 9) үкімдердің жиынтығына кіретін, олардың біріне осы Заңның күші қолданылмайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған;
- 10) осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 130-бабына сәйкес жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасқөйлікпен бұзушылар деп танылған немесе жазасын өтеу кезінде қасақана қылмыстар жасаған;
- 11) 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде (1959 жылғы 22 шілдеден кейін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген қылмыс – қасақана кісі өлтіру (88-бап) үшін сотталған;
- 12) 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (1997 жылғы 16 шілдеден кейін 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген мынадай қылмыстар: адам өлтіру (96-бап); жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру (98-баптың екінші бөлігі); абайсызда кісі өлтіру (101-баптың екінші бөлігі); өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (102-баптың екінші бөлігі); денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (103-баптың екінші және үшінші бөліктері); азаптау (107-баптың екінші бөлігі); адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу (113-баптың екінші және үшінші бөліктері); адамның иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтыруы



(116-баптың үшінші бөлігі); заңсыз аборт жасау (117-баптың төртінші бөлігі); зорлау (120-бап); нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану іс-әрекеттері (121-бап); он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер (122-бап), кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасау жағдайы кірмейді; жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету (123-бап); жас балаларды азғындату (124-бап), кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасау жағдайы кірмейді; адамды ұрлау (125-бап); бас бостандығынан заңсыз айыру (126-баптың үшінші бөлігі); адамды саудаға салу (128-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-баптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту (132-баптың үшінші бөлігі); кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132-1-бап); кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап); баланы ауыстыру (134-баптың екінші бөлігі); басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу (156-бап); басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру (157-бап); жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату (158-бап); соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (159-бап); геноцид (160-бап); экоцид (161-бап); жалдамалылық (162-бап); шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу (162-1-бап); халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (163-бап); әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (164-бап); мемлекеттік опасыздық (165-бап); шпионаж (166-бап); Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қол сұғушылық (166-1-бап); Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қастандық жасау (167-бап); билікті күшпен басып алу немесе билікті күшпен ұстап тұру не Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының құзырына кіретін өкілеттіктерді шет мемлекет немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы (168-бап); қарулы бүлік (169-бап); Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру (170-бап); диверсия (171-бап); ұрлық (175-баптың төртінші бөлігінің а) және б) тармақтары); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (176-баптың үшінші бөлігінің г) тармағы, төртінші бөлігі); алаяқтық (177-баптың үшінші бөлігінің г) тармағы, төртінші бөлігі); қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және (немесе) оның қызметіне басшылық жасау (177-1-бап); тонау (178-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); қарақшылық (179-бап); ерекше құнды заттарды ұрлау (180-бап); қорқытып алушылық (181-баптың екінші, үшінші және

төртінші бөліктері); автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (185-баптың үшінші және төртінші бөліктері); бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (187-баптың үшінші бөлігі); қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) (193-баптың үшінші бөлігі); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (206-бап); экономикалық контрабанда (209-баптың үшінші бөлігі); мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүр ету (226-баптың екінші бөлігі); рейдерлік (226-1-баптың үшінші бөлігі); адамды кепілге алу (234-бап); бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-бап); қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-1-бап); бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-2-бап); трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-3-бап); ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті жинау, сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу (235-4-бап); заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (236-баптың бірінші бөлігі); үйлерге, ғимараттарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау (238-бап); әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен бірдей қолға түсіру (239-бап); теңіз қарақшылығы (240-бап); жаппай тәртіпсіздіктер (241-бап); көрінеу жалған ақпарат тарату (242-1-баптың төртінші бөлігі); сапасыз құрылыс (245-1-баптың үшінші бөлігі); ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (246-1-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті материалдармен заңсыз жұмыс істеу (247-баптың екінші және үшінші бөліктері); радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу (248-баптың екінші және үшінші бөліктері); айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (250-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (251-баптың екінші және үшінші бөліктері); қаруды заңсыз жасау (252-баптың екінші және үшінші бөліктері); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау (254-баптың екінші бөлігі); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (255-бап); бұзақылық (257-баптың үшінші бөлігі); есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-бап); есірткі заттарды немесе



психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап); есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру (261-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (262-баптың екінші бөлігі); улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды дайындауға немесе ұқсатуға пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (263-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау немесе осы мақсаттар үшін үй-жай беру (264-бап); қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау не қызмет көрсету (269-баптың үшінші бөлігі); заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру (269-1-баптың үшінші бөлігі); жезөкшелікпен айналысуға тарту (270-баптың екінші және үшінші бөліктері); жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық (271-баптың екінші және үшінші бөліктері); кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды жасау және айналымға шығару не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту (273-1-баптың екінші және үшінші бөліктері), кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасау жағдайы кірмейді; адам мәйітінің органдары мен тінін заңсыз алу (275-1-баптың екінші бөлігі); балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу (287-бап); заңсыз аңшылық (288-бап); өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен, сондай-ақ алып қойылуына тыйым салынған өсімдіктермен және жануарлармен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен заңсыз іс-әрекеттер (290-бап); ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу (291-бап); ормандарды жою немесе зақымдау (292-бап); темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзу (295-баптың үшінші бөлігі); көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы (296-баптың бірінші және екінші бөліктері алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамдар жасаған жағдайда, үшінші бөлігі); көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару, мас күйіндегі адамды көлік құралын жүргізуге жіберу (298-баптың төртінші бөлігі); көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (299-баптың үшінші бөлігі); көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу (300-баптың үшінші бөлігі); магистралдық труба құбырларын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (303-баптың үшінші бөлігі); қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-баптың үшінші және төртінші бөліктері); билікті не қызметтік

өкілеттікті асыра пайдалану (308-баптың төртінші бөлігі); заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (310-1-баптың үшінші бөлігі); пара алу (311-баптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); пара беру (312-баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); паракорлыққа делдал болу (313-баптың екінші бөлігі); қызметтік жалғандық жасау (314-баптың үшінші бөлігі); қызметтегі әрекетсіздік (315-баптың төртінші бөлігі); өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (321-баптың екінші бөлігі); сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу (340-бап); сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (341-баптың төртінші бөлігі); көрінеу жалған сөз жеткізу (351-баптың екінші және үшінші бөліктері); жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-баптың төртінші бөлігі); мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (356-баптың екінші бөлігі); бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу (358-баптың екінші бөлігінің в) тармағы); қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау (360-бап); қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу (361-баптың үшінші және төртінші бөліктері); бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (367-баптың екінші және үшінші бөліктері); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету (368-баптың екінші және үшінші бөліктері); бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері (369-баптың екінші және үшінші бөліктері); бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу (370-баптың екінші және үшінші бөліктері); бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (372-баптың екінші бөлігі); қашқындық (373-баптың екінші және үшінші бөліктері); дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару (374-баптың үшінші бөлігі); жауынгерлік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу (375-баптың екінші бөлігі); қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу (377-баптың екінші бөлігі); қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқарудың ережелерін бұзу (379-баптың үшінші бөлігі); билікті теріс пайдалану (380-баптың екінші және үшінші бөліктері); билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану (380-1-баптың екінші және үшінші бөліктері); биліктің әрекетсіздігі (380-2-баптың екінші және үшінші бөліктері); қызметке селқос қарау (381-баптың екінші бөлігі); айналадағыларға қауіп туғызатын қару-жаракты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу



(390-баптың үшінші бөлігі); машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу (391-баптың үшінші бөлігі) үшін сотталған;

13) 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (2014 жылғы 3 шілдеден кейін осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген мынадай қылмыстар: адам өлтіру (99-бап); аффект жағдайында жасалған адам өлтіру (101-баптың екінші бөлігі); абайсызда қазаға ұшырату (104-баптың екінші бөлігі); өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (105-баптың екінші және үшінші бөліктері); денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106-баптың екінші және үшінші бөліктері); қинау (110-баптың екінші бөлігі); адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (116-баптың екінші және үшінші бөліктері); адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жұқтыру (118-баптың үшінші бөлігі); қауіпті жағдайда қалдыру (119-баптың төртінші бөлігі); зорлау (120-бап); сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-бап); он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (122-бап), кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасау жағдайы кірмейді; жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (123-баптың екінші бөлігі); жас балаларды азғындық жолға түсіру (124-бап), кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасау жағдайы кірмейді; адамды ұрлау (125-бап); бас бостандығынан заңсыз айыру (126-баптың екінші және үшінші бөліктері); адам саудасы (128-бап); кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (132-баптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту (133-баптың екінші және үшінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (134-бап); кәмелетке толмағандар саудасы (135-бап); баланы ауыстыру (136-баптың екінші бөлігі); кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету (143-баптың екінші және үшінші бөліктері); кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту (144-бап), кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасау жағдайы кірмейді; еңбекті қорғау қағидаларын бұзу (156-баптың төртінші бөлігі); басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу (160-бап); басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру (161-бап); жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу (162-бап); соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (163-бап); соғыс заңдары мен дәстүрлерін бұзу (164-бап); қарулы қақтығыстар уақытында халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қылмыстық бұзушылықтар (165-бап); қарулы қақтығыс уақытындағы әрекетсіздік не қылмыстық бұйрық беру (166-бап); геноцид

(168-бап); экоцид (169-бап); жалдамалылық (170-бап); шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу (172-бап); халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (173-бап); әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру (174-бап); мемлекетке опасыздық жасау (175-бап); тыңшылық (176-бап); Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық (177-бап); Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық (178-бап); билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту (179-бап); қарулы бүлік (181-бап); диверсия (184-бап); ұрлық (188-баптың үшінші бөлігінің 2) тармағы және төртінші бөлігі); мал ұрлау (188-1-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-баптың үшінші және төртінші бөліктері); алаяқтық (190-баптың үшінші және төртінші бөліктері); тонау (191-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); қарақшылық (192-бап); ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру (193-бап); қорқытып алу (194-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (200-баптың төртінші бөлігі); ерекше құндылығы бар заттарды қасақана жою, әкету немесе бүлдіру (203-бап); қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (217-бап); қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) (218-баптың үшінші бөлігі); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу (231-бап); экономикалық контрабанда (234-баптың үшінші бөлігі); мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу (248-баптың екінші және үшінші бөліктері); рейдерлік (249-баптың үшінші бөлігі); адамды кепілге алу (261-бап); ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (262-бап); қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (263-бап); трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (264-бап); трансұлттық қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (265-бап); қылмыстық топтың әрекетін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу (266-бап); заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру (267-баптың бірінші бөлігі); ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу (269-бап); әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол сияқты басып алу (270-бап); теңіз қарақшылығы (271-баптың үшінші бөлігі); жаппай тәртіпсіздік (272-бап); көрінеу жалған ақпарат тарату (274-баптың төртінші бөлігі); тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік



қағидаларын бұзу (277-баптың үшінші бөлігі); сапасыз салынған құрылыс (278-баптың үшінші бөлігі); сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу (279-баптың екінші бөлігі); сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтер көрсетуді тиісінше орындамау (280-баптың екінші бөлігі); жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (281-баптың үшінші бөлігі); ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (282-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу (283-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу (284-баптың екінші және үшінші бөліктері); айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (286-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (287-баптың төртінші бөлігі); қаруды заңсыз жасау (288-баптың екінші бөлігі); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (290-баптың екінші бөлігі); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу (291-бап); өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу (292-баптың үшінші бөлігі); бұзақылық (293-баптың үшінші бөлігі); есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (296-баптың төртінші бөлігі); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (297-бап); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (298-бап); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру (299-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау (299-1-бап); құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру (300-баптың екінші бөлігі); улы заттардың, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді немесе улы заттарды дайындау немесе қайта өңдеу үшін пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (301-баптың екінші және үшінші бөліктері); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар беру (302-бап); санитариялық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді бұзу (304-баптың үшінші бөлігі); қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарларды шығару немесе сату, жұмыстарды орындау не қызметтер көрсету (306-баптың үшінші бөлігі); заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру (307-баптың үшінші бөлігі);

Бұл ретте жұмыс көлемі мен құбыр құнының ұлғаюына қарамастан, құрылыс-монтаждау жұмыстарының жалпы сметалық құны өзгермеген.

Жоба бойынша құрылыстың ұзақтығы 6 ай, іс жүзінде - 9 ай.

Осылайша шартты орындау мерзімін өткізіп алуға жол берілген, алайда қауіптілігі жоғары құрылыс объектісі пайдалануға берілген, наразылықтар болмаған.

Мердігер өзіне тиесілі толық көлемде төленбеген 80 002 293,28 теңге сомадан тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға келісімін білдірген.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысының 5-тармағында мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін АПК-нің 6-бабының 6-бөлігіне сай негізге ала отырып, АҚ-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажеттігі көрсетілген. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек (АҚ-нің 401-бабының 2-бөлігі).

Жауапкердің шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатындығын, газ құбырларын салу жөніндегі жұмыстарды орындауға I-санаттағы лицензиясы бар екенін, жұмыс сапасына наразылықтардың жоқ екенін ескере отырып, ол жобада көзделмеген жұмыстарды қосымша ақысыз орындағанын, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын әділдік пен парасаттылық критерийлерін негізге ала отырып ұстап қалғанын ескере отырып, Ақтөбе облыстық сотының апелляциялық сот алқасы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы негізделген қорытындыға келген.

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» РМК «Б» ЖШС-ны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген. Қойылған талапта тауардың атауы бөлігінде техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін тауарды жеткізіп, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамауына уәж келтірілген.



*Шымкент қаласы МАЭС-тің 2019 жылғы 4 маусымдағы шешімімен талаптарды қанағаттандырудан бас тартылған.*

*Апелляциялық сатының 2019 жылғы 20 тамыздағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданған.*

*«Б» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы болып танылды.*

*Даудың мән-жайларынан белгілі болғандай, 2019 жылғы 12 сәуірде тараптар арасында веб-портал арқылы жалпы сомасы 1 654 506 теңгеге «Хлормисепт Люксті» жеткізу бойынша № 12 мемлекеттік сатып алу туралы электрондық шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған. Жауапкер талап етілетін сипаттамалары бар тауарды басқа өндірушіден және басқа атаумен, атап айтқанда «Дезостерил-ПРЕМИУМ» деп жеткізген, ал Шартқа қосымшада «Хлормисепт Люкс» деген атауы бар тауарларды жеткізу көзделген.*

*Қойылған талаптан бас тарта отырып, бірінші сатыдағы сот жауапкер тауарды тиісті техникалық ерекшелік бойынша ұсынғанын негізге алған: «Дөңес беті бар дөңселек пішінді ақ түсті таблеткалар, айқыш тәрізді бөлгіш ойықтары бар, хлордың өзіне тән иісі бар, салмағы кемінде 2,7 грамм. Белсенді зат ретінде өнімнің құрамына дихлоризоцианур қышқылының натрий тұзы 33,5-тен 99,8% -ға дейін, дихлоризоцианур қышқылының натрий тұзы кемінде 98% белсенді зат ретінде кіреді. 1 таблетканы еріту кезіндегі белсенді хлордың салмағы - 1,50 г.»*

*Бұл ретте бірінші сатыдағы сот тауардың атауы мен өндірушісі техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтінін назарға алмаған, бұл 2019 жылғы 25 сәуірдегі рекламация актісінде көрсетілген, оған сәйкес конкурстық құжаттамаға (техникалық ерекшелікке) қосымшада көрсетілген талаптарға, атап айтқанда тауардың атауына сәйкессіздіктің анықталуына байланысты тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан бас тартқан.*

*Бірінші сатыдағы сот нарықта ұсынылған және қолжетімді, құны тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір мың еселенген мөлшерінен аспайтын тауарларды қоспағанда, Заңның 38-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейтінін көрсеткен.*

*Апелляциялық сот алқасы аталған тұжырымдармен келіспеді, өйткені «Хлормисепт Люкс» препараты нарықта еркін қол жетімді және*

мемлекеттік сатып алу құны айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайды.

Сот алқасы сатып алуды ұйымдастырушының сатып алынатын тауардың атауын көрсетуге толық құқығы бар екенін, ал аталған конкурстың жеңімпазы болған жауапкер оны ескермегенін көрсеткен.

Заңның 11-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну үшін алдын алу мерзімін дұрыс есептемеу сот актілерінің күшін жоюға негіз болып табылатын жағдайлар орын алады.

**Мысал.** Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 18 тамыздағы қаулысымен Қостанай облысы соттарының «Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ-нің «М» ЖШС-ны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойылған талабынан бас тарту туралы сот актілерінің күші жойылды.

Жергілікті соттар қойылған талаптан бас тарта отырып, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы Мекеменің талап қойып сотқа жүгінуі үшін Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген отыз күндік мерзімді өткізіп алғанын негізге алған. Талап қою үшін заңда белгіленген мерзім шарттың уәкілетті органда тіркелген күннен бастап есептелетіні көрсетілген.

Жергілікті соттардың түйіндерін кассациялық сот алқасы негізсіз деп тапты.

Тараптар арасында Қаратоғай жалпы орта білім мектебінің жұмсақ шатырына ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаны анықталды. Жұмыстарды орындау мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн. Шартты аумақтық қазынашылық органында тіркеу 2019 жылғы 12 қыркүйекте жүргізілді.

Іс материалдарымен серіктестіктің міндеттемелерді уақтылы орындамағаны расталды.

АК-нің 177-бабына сәйкес талап қою мерзімі - бұл адамның немесе заңмен қорғалатын мүдденің құқығын бұзудан туындаған талап қою қанағаттандырылуы мүмкін уақыт кезеңі.

АК-нің 180-бабына сәйкес талап қою мерзімінің өтуі адам құқықтың бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күнінен басталады.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып

алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Осылайша заңның осы ережелерінің мағынасынан талап қою мерзімінің өтуі адам құқықтың бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен басталады. Ескіру мерзімінің басталуы субъективті, сонымен қатар объективті мағынада заңның бұзылуын нақты немесе тиісті түрде анықтау сәтімен ұштастырылады.

Мекеме серіктестіктің жұмысты орындамағаны туралы 2019 жылғы қазанда белгілі болған. Шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындау мерзімі 2019 жылғы 12 қазан деп белгіленген. Демек көрсетілген күннен бастап өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы талап қою үшін шек қойылған мерзім есептелуге жатады.

Мекеме Серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа 2019 жылғы 15 қазанда жүгінген, яғни заңда белгіленген мерзімді талапкер өткізіп алмаған.

Практикада тапсырыс берушінің өнім берушіні кейінгі қаржы жылдарында шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеуіне байланысты шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамау негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінген жағдайлар туындайды.

Заңның 26-бабы өнім берушіге шарт бір қаржы жылынан астам мерзімге жасалған жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді әрбір ағымдағы қаржы жылының басында енгізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты өнім беруші соңғы қаржы жылында шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, өнім берушіні шарт бойынша міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамау негіздерімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы тапсырыс берушінің талаптары заңды ма деген мәселе туындайды, өйткені орындауды қамтамасыз етуді енгізбеу шарт жасасудан жалтару деп танылады, ал тізілім уәкілетті орган шешімінің негізінде қалыптастырылады.

Бұл ретте соттар мыналарды басшылыққа алуы керек:

Заңның 44-бабының 1-тармағында, егер жеңімпаз деп танылған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартты ұсынбаған немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеген жағдайда, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылатыны көзделген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 694 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларының 22-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім беруші қағаз түріндегі мемлекеттік сатып алу туралы шартына қол қоюдан жалтарған немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарған жағдайда, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші туралы мәліметтерді электрондық түрде веб-портал арқылы уәкілетті органға береді.

Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 416-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Заңның 43-бабының 19-тармағы бойынша шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен шарт жасасудан жалтарған жағдайда, оны кез келген кезеңде бұзу туралы шартта қамтылуы тиіс.

Егер өнім беруші веб-портал арқылы шартты бұзу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

**Біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы**

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының толық тізбесі Заңның 9-бабының 1-тармағында белгіленген.

2019 жылғы 1 шілдеден бастап Заңға түзетулер енгізілді, оған сәйкес «төлем қабілеттілігі» деген біліктілік талабы әлеуетті өнім берушінің «қаржылық орнықтылығы» деген біліктілік талабымен ауыстырылды. Әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы оларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен санаттау жолымен, сондай-ақ салық берешегінің болмауымен (АЕК-тің алты еселенген мөлшерінен аспайтын) айқындалады.



Әлеуетті өнім беруші материалдық және еңбек ресурстарынан басқа, қаржы ресурстарына ие болуы тиіс (бұл талап банк шоттарында ақшаның болуын білдіреді).

Заңның 2-бабының 1) тармақшасына сәйкес анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Демек біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген жалған мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға материалдық, еңбек және қаржы ресурстары, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы жатады.

Конкурстық баға ұсынысына және оларды есептеуге әсер ететін өлшемшарттар Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған.

***Мысал.** МАЭС-тің 2019 жылғы 2 қазандағы шешімімен «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алу бөлімі» ММ-нің қойған талабы қанағаттандырылып, ДК К. («Жарық» ДК) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы болып танылған.*

*2019 жылғы 27 мамырда талапкер мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде «Ақтөбе қаласының аумағында жасыл жселектерді күту» деп аталатын № 3391132-1 ашық байқауды жариялағаны анықталған.*

*Қорытындылар туралы 2019 жылғы 2 шілдедегі хаттамаға сәйкес жауапкер жеңімпаз деп белгіленген.*

*Міндеттемелерді орындауда материалдық ресурстарға ие екенін растау үшін жауапкер үшінші тұлғадан жалға алынған «ГАЗ 53а» маркалы автокөліктің бар екенін көрсеткен.*

*«Ақтөбе облысының полиция департаменті» ММ жауабынан жоғарыда аталған көлік құралы 2017 жылғы 5 сәуірде есептен алынғаны анықталған, тиісінше жалға алу нысанасы бола алмайды.*

*Осылайша біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы анық емес ақпараттың берілуі К. ДК-ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болды.*

***Мысал.** «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» РММ «ТАНТех»*

*ЖШС-ны біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынуға байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінді.*

*Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған соттың 2020 жылғы 27 тамыздағы шешімімен талап қанағаттандырылды, «ТАНТех» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылды.*

*ЖШС лотқа қатысу үшін Комитеттің серверлік жабдығына техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтеріне өтінім берді (қойылған баға 72 250 892 теңге). Осы лот бойынша жұмыстарды орындау үшін еңбек ресурстарының болуы бөлігінде оларға нотариалды куәландырылған сертификаттарды қоса бере отырып, 19 маман бар екендігі көрсетілген.*

*Әлеуетті өнім берушілерді іріктеу кезінде конкурстық комиссияның 2020 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен ЖШС-ның өтінімі қабылданбаған. Өтінімде көрсетілген Ж. мен Н. Серіктестіктің қызметкерлері болып табылмайтындығын, олар конкурстық құжаттаманың өтінімінде көрсетілген жұмыстарды орындауға келісім бермегенін негізге ала отырып, біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынған Серіктестік конкурсқа қатысуға жіберілмеген.*

*2020 жылдың 14 мамырында аталған лот бойынша «В» ЖШС жеңімпаз болып танылды, онымен шарт жасалды.*

*Тапсырыс беруші МЖК ААЖ желілік жабдығына техникалық қызмет көрсету, серверлік жабдыққа жүйелік және техникалық қызмет көрсету қызметтерін сатып алуға ниет білдіріп, оған осы жұмыстар үшін білікті мамандар қажет болғандықтан, әлеуетті өнім берушілер мамандардың Комитет сатып алатын жұмыстарды орындай алатыны туралы, сондай-ақ олардың көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.*

*Серіктестіктің Заңның 9-бабы 3-тармағының ережелері бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы ұсынған ақпараты дұрыс болмауына байланысты, ол комиссия балдарды айқындаған және шартты жеңілдіктерді ұсынған кезде конкурстық баға ұсынысына әсер етуі мүмкін болды. Сондықтан сот талапкердің дәлелдерімен заңды түрде келісті және Заңның 10-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп таныды.*

*Өнім берушінің біліктілік талаптары бойынша сенімді ақпарат беру фактісін анықтауға байланысты талап қоюдан бас тартқан кезде, сот істің мән-жайларына әрдайым тиісті құқықтық баға бере бермейтініне назар аударған жөн.*

*Мұндай фактіні анықтаудың негізділігі кейбір жағдайларда күмән тудырады.*

*Мәселен, «СҚО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Кардиологиялық орталық» КМК «М» ЖШС-ға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінді.*

*2018 жылғы 26 желтоқсанда тараптар арасында 2019 жылға медициналық техникаға кешенді техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаны анықталды.*

*Жеткізушінің біліктілік талаптары туралы жалған ақпарат беруі талап қоюға негіз болған, атап айтқанда конкурстық құжаттамаға Р.-ның дипломы қоса берілген, мұнда мекеменің мөрі мен білім беру мекемесі басшысының қолы болмаған.*

*Омбы медициналық колледжінің 2019 жылғы 8 ақпандағы мұрағаттық анықтамасына сәйкес, 2006 жылғы дипломдар беру кітабында Р.-ның дипломы тіркелмеген.*

*Сот қойылған талап бас тарта отырып, «М» ЖШС мемлекеттік сатып алуды өткізу шеңберінде сенімді ақпарат ұсынғанын; Р.-ның дипломының жалған екендігі туралы дәлелдер жоқтығын; дипломның жарамсыздығы туралы мұрағаттық анықтаманың көшірмесі растайтын құжат болып табылмайтынын, тек СБ 4845407 сериялы № 3341 тіркеу дипломының дипломдар беру кітабына енгізілмегені туралы ақпаратты қамтитынын көрсеткен.*

*Іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.*

*Соттың мұндай уәжі заңның талабына сәйкес келмейді, өйткені осы қойылған талап бойынша адамның дипломды қолдан жасаудағы кінәлілігін анықтау дәлелдеу тақырыбына кірмейді. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес анық емес ақпарат ұсынған өнім берушілерді жосықсыз өнім берушілердің тізіліміне енгізу туралы мәселені шешу кезінде әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінде қамтылған жалған мәліметтерді ескеру қажет (Заңның 2-бабының 1) тармақшасы). Сондықтан дипломның жарамсыздығы туралы мұрағаттық анықтама жеткізушінің дұрыс емес ақпарат ұсынғанын растамайды, тек дипломның диплом беру кітабында есепте жоқ екендігі туралы ақпаратты қамтыған деп соттың сілтеме жасауы негізсіз болып табылады.*

### **Шарт жасалғаннан кейін үшінші тұлғалардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс нәтижелеріне шағымдануы**

*Заңның 47-бабына сәйкес әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі),*

шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Шағым уәкілетті органға беріледі, оның шешіміне жоғары тұрған органға шағым жасалуы мүмкін.

Мұндай дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Уәкілетті органның шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңының 65-бабының 2-тармағына сәйкес жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің қолданылуы осы құқықтық акт өздеріне арналған тұлғалар оның талаптарын немесе онда қамтылған тапсырмаларды орындаған кезден бастап тоқтатылады.

Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейін конкурстық, аукциондық комиссия уәкілетті органның, мемлекеттік бақылау органдарының, прокуратураның ұсынысы (қаулысы) бойынша мемлекеттік сатып алу процесінде қабылданған шешімдердің күшін жоюға, өзгертуге құқылы.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысының (бұдан әрі - нормативтік қаулы) 12-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгеннен кейін конкурстық, аукциондық комиссияның шешімдері Әкімшілік рәсімдер туралы заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес өз қолданысын тоқтатады және мемлекеттік сатып алу туралы шарт талап қою ісін жүргізу тәртібімен шағымдануға жатады. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгеннен кейін конкурстық, аукциондық комиссияның шешімдері өз қолданысын тоқтатады және мемлекеттік сатып алу туралы шарт талап қою ісін жүргізу тәртібімен шағымдануға жатады. Өнім берушіні таңдау және шарт жасасу процесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу негіздері бойынша күшіне енген шартты жарамсыз деп тану туралы талап қою кезінде уәкілетті орган АПК-нің 65, 66-баптарына сәйкес сотқа тиісті дәлелдемелер (бақылау актісі, бақылау материалдары) ұсынуға тиіс. Шарттың заң талаптарына сәйкес келмеуі негіздері бойынша оны жарамсыз деп тану кезінде шешімнің дәлелдеу бөлігінде соттар мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы шешімнің заңсыздығы жөнінде көрсетуге тиіс.

Тиісінше тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының және мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың іс-әрекеттеріне мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.



Аталған санаттағы істерді қарау кезінде соттар шарт жасалғаннан кейін, ал белгіленген жағдайларда ол тіркелгеннен кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарт сот тәртібімен даулануға жататынын назарда ұстағандары жөн. Мүдделі тұлғалар, тиісті мемлекеттік орган не прокурор мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоя алады.

Алайда істерді зерттеу көрсеткендей, кейбір соттар әлеуетті өнім берушінің сот тәртібімен шартқа дау айтуға құқығы жоқ деп уәж келтіріп, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатқан. Бұл құқық тек уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

*Мәселен, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 28 сәуірдегі ұйғарымымен сот шешімінің күші жойылған, «Астана «И» ЖШС-ның «Алматы қаласы мемлекеттік активтер басқармасы» КММ-ге, «Алматы қаласы бойынша ішкі аудит департаменті» КММ-ге, «Алматы қаласы энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық даму басқармасы» КММ-ге, «Т» ЖШС-ға мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану, конкурс қорытындылары туралы жаңа хаттаманы жариялауға мәжбүрлеу туралы талап қоюы бойынша іс жүргізу тоқтатылған.*

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы АК-нің 2 және 9-баптарында көзделген азаматтық заңнаманың негізгі қағидаттарына сәйкес сот азаматтық құқықтарды қорғауды, оның ішінде мәмілені жарамсыз деп тану арқылы жүзеге асыратынын көрсете отырып, 2020 жылғы 8 қыркүйектегі апелляциялық сатыдағы ұйғарымның күшін жойды.*

*АК-нің 157-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған кезде мүдделі тұлғалардың, тиісті мемлекеттік органның не прокурордың талап қоюы бойынша мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін.*

*Көрсетілген мәмілені жасау нәтижесінде құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға мүдделі тұлға болып табылады.*

*Талапкер іс бойынша мүдделі тұлға болып табылады, өйткені жасалған шарт әлеуетті өнім беруші ретінде оның заңды құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін бұзады.*

Келтірілген мысал қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдар тобына қатысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысының 12-тармағына өзгерістер (толықтырулар) енгізу арқылы нақтылау қажеттігі туындағанын куәландырады.

Іс жүзінде шартты даулаудың негіздері әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жіберу, қатысудан бас тарту, баға ұсынысына әсер ететін шартты жеңілдікті есептеу бойынша комиссияның іс-әрекеттері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - қағидалар) 42 және 153-тармақтарына сай конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 152-1-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдер бойынша шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Қағидалардың 152-1-тармағы бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттар:

1) әлеуетті өнім берушіде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жылдың ішіндегі жұмыс тәжірибесі;

2) төленген салықтар көрсеткіші болып табылады.

**Мысалдар:**

1) МАЭС-тің 2019 жылғы 29 шілдедегі шешімімен «ЕЭ» ЖШС-ның «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» РММ-ге (бұдан әрі – Комитет), «Петропавл қаласы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ-ге қойылған талабы қанағаттандырылған. «ЕСЭ» ЖШС-ның «Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының 2-ші Первомайская көшесі бойынша 93-пәтерлі № 1 тұрғын үйдің құрылысына техникалық қадағалау жүргізу» № 3172999-1 электрондық конкурсы бойынша шағымын қанағаттандырудан бас тарту жөніндегі Комитеттің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 99 шешімі заңсыз деп танылды. Комитеттің «А» ЖШС-ның жұмыс тәжірибесі үшін қайта есептеу және 10 жыл ішінде 5% мөлшерінде шартты жеңілдік беру жөніндегі әрекеттері заңсыз деп танылды. «А» ЖШС-ның конкурсқа қатысуға жіберу бойынша «Петропавл қаласы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ-нің әрекеттері заңсыз деп танылды. Электрондық конкурс қорытындыларының хаттамасында көрсетілген электрондық конкурс қорытындыларының күші жойылды.

Сот істі қараған кезде жоғарыда аталған жұмыстарға электрондық конкурс қорытындысы бойынша «ЕСЭ» ЖШС жеңімпаз деп танылғанын анықтады.

2019 жылғы 7 маусымда Комитет камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама шығарды, оған сәйкес сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты жеңілдіктерге қайта есептеу жүргізілді: «А» ЖШС - 10 жыл ішінде 5%, «ЕСЭ» ЖШС - 10 жыл ішінде 5%.

Комитеттің хабарламасын орындау тәртібімен тапсырыс беруші 2019 жылғы 21 маусымда конкурс қорытындысын қайта қарады, қайта қарау нәтижесінде «А» ЖШС жеңімпаз болып танылды.

Комитеттің шешімімен келіспей, «ЕСЭ» ЖШС жоғары тұрған органға апелляциялық шағым беріп, 2019 жылғы 18 маусымда талап қойып сотқа жүгінген.

Сот «А» ЖШС-ның конкурстық құжаттаманың талаптарын бұзып, құралдарды салыстырып тексеру туралы паспорттар мен сертификаттар бермеген деген қорытындыға келген.

Бұдан басқа Комитет «А» ЖШС-ның жұмыс тәжірибесін растау үшін ұсынылған құжаттардың сәйкессіздігін назарға алмаған, осыған байланысты сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 10 жылға 5%, 6 жылға нақты 3% құрайтын шартты жеңілдікке қайта есептеу заңсыз жүргізілген.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, әлеуетті өнім беруші «А» ЖШС Қағидалардың 150-тармағының талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс еді.

Сот анықтаған бұзушылықтар тапсырыс беруші «Петропавл қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі» КММ-нің «А» ЖШС-ны конкурсқа жіберу жөніндегі іс-әрекеттерінің заңсыздығын куәландырады және конкурстың қорытындыларына әсер етеді, демек конкурстың қолданыстағы нәтижелерінің күшін жоюға әкеп соғады.

Осыған байланысты сот талаптың негізділігі туралы қорытындыға келген. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сот алқасының қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

2) «Т» ЖШС «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-ге, «Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-ге, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-ге, «А» ЖШС-ға мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану, «Т» ЖШС-ны конкурс жеңімпазы деп тану және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөніндегі міндетті жүктеу туралы талап қойып сотқа жүгінген.

Шымкент қаласы МАЭС-тің 2020 жылғы 24 шілдедегі заңды күшіне енген шешімімен қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартылған.

Істің мән-жайына қарағанда, ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Шымкент қаласының зираттарын күтіп - ұстау бойынша қызметтер» жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша № 3923482-ОК2 конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) жариялаған.

Осы конкурс бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары белгіленген, олар: саны 1 бірлік саябақ шаруашылығы және ландшафтық шаруашылық орман шебері, жүргізуші - 1 бірлік, тиегіш операторы - 2 бірлік, автокөтергіш операторы - 2 бірлік, тракторшы-машинист - 5 бірлік, әртүрлі жұмысшы - 30 бірлік, экскаваторшы - 1 бірлік, табандық дөңгелекті қар тиегіш – 2 бірлік.

2020 жылғы 26 наурыздағы конкурс қорытындылары туралы хаттамамен «А» ЖШС жеңімпаз болып танылды, «Т» ЖШС екінші орын алған әлеуетті өнім беруші болып танылған.

2020 жылдың 20 сәуірінде Энергетика басқармасы мен «А» ЖШС арасында № 122 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Талапкердің талаптарында әлеуетті өнім беруші «Арнайы қызмет бюросы» ЖШС конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс деген уәж келтірілген, өйткені жауапкер конкурстық құжаттамада екі арнайы қар түсіргіштің орнына қарапайым қар жинайтын машиналарды мәлімдеген, еңбек ресурстары бойынша толық мәліметтер және қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды ұсынбаған. Бұдан басқа жүк тиегіштер мен көтергіштердің операторлары ретінде көрсетілген қызметкерлер бойынша арнайы техниканы басқаруға құқықтарын растайтын құжаттар ұсынылмаған.

Сот «А» ЖШС конкурсқа қатысуға негізді түрде жіберілгенін анықтады. Жиналған қарды тиеу функциясы басқа жабдықтың көмегімен немесе қосымша еңбек ресурстарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сот жауапкер ұсынған арнайы техниканың анықталған функционалдық айырмашылықтары мердігер «Арнайы қызмет бюросы» ЖШС-ның тарапынан зираттарды күтіп ұстау бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамауға не тиісінше орындамауға әкеп соқтырмайды, бұл ретте мердігер көтеретін қосымша шығыстарды оның кәсіпкерлік тәуекеліне жатқызу керек деп есептеді.

**Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы уәкілетті органның шағым келтірілген шешімдері туралы**

Заңның 12-бабының 5-тармағында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің



2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың (жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілердің (екінші орын алған әлеуетті өнім берушілердің) тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімінің негізінде қалыптастырылады.

Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларының 22-тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа веб-портал арқылы қол қоймаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның веб-портал арқылы қабылдаған шешімімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне автоматты түрде енгізіледі.

Заңның 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Уәкілетті органның орналасқан жері Нұр-Сұлтан қаласы болып табылатындығына байланысты аталған санаттағы істер негізінен Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-те қаралады.

Сонымен бірге қорыту көрсеткендей, уәкілетті органның шешіміне шағымданумен қатар бір мезгілде конкурсты ұйымдастырушыларға басқа да талаптар қойылатынын көрсетті, осыған байланысты мұндай арыздардың соттылығы талапкердің таңдауы бойынша (жауапкерлердің бірінің орналасқан жері бойынша) айқындалады.

Істердің осы санаты бойынша сот шешімдерінің мазмұнын зерделеу қойылған талаптың негізіне бірдей дәлелдердің келтірілуіне (жауапты қызметкердің шартқа қол қою жөніндегі қателігі, шартқа қол қоюдан жалтару ниетінің болмауы) қарамастан, бірыңғай практиканың жоқ екенін көрсетті.

**Мысалдар.** Апелляция қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған соттың 2019 жылғы 13 қыркүйектегі шешімімен «К» ЖШС-ның «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті» РММ-ге 2019 жылғы 6 шілдедегі № 76942-07-19 бұйрығының күшін жою туралы арызы қанағаттандырылып, Комитет бұйрығының күші жойылған.

Арызды қанағаттандырған бірінші сатыдағы сот арыз иесінің шарт жасасудан жалтаруға ниеті жоқ екенін көрсетті. Бұл ретте өнім берушінің мемлекеттік сатып алуға ұзақ уақыт қатысқаны, үшінші тұлға

сатып алатын қоймадағы тауардың және үлкен еңбек ұжымының болуы назарға алынды.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған 2020 жылғы 12 ақпандағы сот шешімімен «ИМТ» ДК-нің «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті» РММ-ге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрықтың күшін жою туралы қойған талабы қанағаттандырылды.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті» ММ уәкілетті органының 2019 жылғы 24 қазандағы № 82785-10-19 бұйрығымен ДК мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген.

Сот бұйрықтың күшін жою туралы қойылған талапты қанағаттандырған кезде мынадай мән-жайларды назарға алған:

- шартқа әлеуетті өнім беруші дәлелді себептермен талапкердің денсаулығының күрт нашарлауына байланысты қол қойған жоқ;

- талапкер кейіннен екінші жеңімпаз «М» ЖШС-мен көшені жасасып, жөндеу бойынша барлық жұмыстарды іс жүзінде орындаған, шарт, ол 2019 жылғы 26 қарашадағы атқарылған жұмыстар актісімен расталады;

- серіктестік адал кәсіпкер болып табылады, бұрынғы атқарылған жұмыстары бойынша тапсырыс берушілердің грамоталары, алғыс хаттары, лицензиялары, қызметкерлер штаты бар.

Апелляциялық сот алқасы талапкердің шартты орындаудан жалтаруға ниеті жоқ деген бірінші сатыдағы соттың тұжырымдарымен келісіп, сондай-ақ еңбек ұжымының болуы, бұрынғы атқарылған жұмыстар бойынша тапсырыс берушілердің алғыс хаттарын, лицензияларын назарға алған.

2018 жылғы 5 маусымдағы сот шешімімен «А» ПҚК ЖШС-ның «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті» ММ-нің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 41108-04-18 және № 41138-04-18 бұйрықтарының күшін жою туралы қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылған.

Апелляцияның 2018 жылғы 15 тамыздағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылған.

Мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша арыз беруші мемлекеттік сатып алудың екі қорытындысымен жеңімпаз деп танылғаны анықталды, осыған байланысты тапсырыс берушілер арыз берушінің атына 3 күн ішінде қол қоюға жататын шарттар жіберген.

Арыз иесі жоғарыда көрсетілген шарттарға 2018 жылғы 11 сәуірге дейінгі мерзімде қол қоймаған, сондықтан Заңның 12-бабы 5-тармағының қағидалары бойынша «Арго «П» ЖШС дау айтылған бұйрықтармен

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне автоматты түрде енгізілген.

Бірінші сатыдағы сот арызды қанағаттандырудан бас тартып, арыз иесінің ЭЦҚ-ны қайта алу мүмкіндігіне сілтеме жасай отырып, техникалық іркіліске байланысты қол қою мерзімінің бұзылғаны туралы дәлелдерін негізсіз деп таныды.

Сот алқасы бірінші сатыдағы соттың тұжырымдарын негізсіз деп таныды, өйткені желінің техникалық істен шығуына байланысты деректерді беру қызметі жұмыс істемеген, сондықтан арыз иесі оған шарттардың қол қою үшін түскенін біле алмаған.

Сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлердің үлкен штатына ие, арыз иесі отандық тауар өндіруші болып табылады, ал тауарлардың кейбір түрлері бойынша Қазақстандағы жалғыз кәсіпорын. Осыған байланысты алқа арыз берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану жұмыс істеп тұрған кәсіпорын үшін де, оның қызметкерлері үшін де теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін деп есептеді.

Соттың мұндай ұстанымы дұрыс емес, өйткені Заңның 43-бабының 3-тармағында белгіленген императивтік талаптардың бұзылуы орын алған.

Осыған ұқсас дауды Нұр-Сұлтан қаласының соты қарады, бірақ бұл жағдайда апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың қатесін дұрыс түзеді.

Осылайша «А» ЖШС «ҚР ҚМ Мемлекеттік сатып алу комитеті» РММ-ге (қазіргі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ) шарт жасасудан жалтару ниетінің жоқтығына уәж келтіріп, бұйрықтың күшін жою туралы арызбен сотқа жүгінген.

Соттың 2019 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен Серіктестіктің арызы қанағаттандырылып, жауапкердің 2019 жылғы 17 қазандағы № 82396-10-19 «А» ЖШС-ны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрығының күші жойылған.

Сот талап қоюды қанағаттандырған кезде арыз берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоядан жалтаруға ниетінің жоқтығы туралы дәлелдерін назарға алған.

Сот арыз берушінің оң іскерлік беделі бар екенін, 2004 жылдан бастап кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратынын, 193 қызметкердің, оның ішінде 3- топтағы екі мүгедектің жұмыспен қамтамасыз ететінін, адал салық төлеуші екенін, Семей қаласының аумағында құрылыс материалдарын ірі жеткізушілердің бірі болып табылатынын ескерген.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының апелляциялық сатысының 2020 жылғы 26 ақпандағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, іс бойынша «А» ЖШС-ның «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-ге 2019 жылғы 17 қазандағы № 82396-10-19 бұйрығының күшін жою

туралы арызын қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Алқа бірінші сатыдағы соттың қорытындыларын қате деп таныды.

Арыз берушінің шартқа уақтылы қол қойылмауының себебі өтінімдерге және мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қол қоюға жауапты қызметкердің тарапынан бақылаудың болмауы, жол берілген бұзушылықтар үшін қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жауаптылыққа тартылғаны жөніндегі дәлелдері негізді түрде назарға алынбады.

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ Серіктестіктің директоры Н. 2019 жылғы 11-16 қазан аралығында шартқа қол қою қажет болған кезеңде жүйеге 35 рет кіргені туралы мәліметтер ұсынды. Сонымен қатар «файлды жүктеу» және «авторизация» сияқты әрекеттер жасалған, яғни порталда мемлекеттік сатып алуға байланысты жұмыс жүргізілген.

Алқа мемлекеттік сатып алу туралы шартты ресімдеу кезінде ЖШС-ның қызметкері жауапсыздық танытқанын, заңды тұлға басшысының тарапынан бақылау жүргізілмегенін, бұл мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаған кезде дәлелді себеп ретінде танылмайтынын атап өткен.

Апелляцияның қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған 2018 жылғы 17 қаңтардағы сот шешімімен «ТПГ» ЖШС-ның «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті» РММ-ге бұйрықтың күшін жою туралы арызы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Дауланып отырған бұйрықпен Серіктестік тапсырыс беруші «Қызылорда жылу электр орталығы» ШЖҚ МКК-мен 166 880 теңге сомасына электр тауарларын жеткізу бойынша шартқа қол қоюдан жалтару негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген.

Арыз иесінің айтуынша, бұйрық заңсыз, өйткені шартқа қол қоюға жауапты компания қызметкерінің жұмыста болмауына байланысты шартқа дәлелді себептермен қол қойылмаған.

Бірінші сатыдағы сот арызды қанағаттандырудан бас тарта отырып, арыз иесінің шартқа қол қоймауға байланысты себептерінің дәлелділігі туралы уәждерін назарға алмаған.

Сот қызметкердің болмауы мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюға кедергі келтірмейтінін және ол мүмкіндіктен айырмайтынын заңды түрде көрсетті, өйткені шартқа бірінші басшының, яғни директордың электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады. Мемлекеттік сатып алудың электрондық порталы жалпыға қолжетімді режимде тұр, онымен жұмыс еркін қолжетімділікте жүргізіледі. Ол үшін интернетпен, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбамен байланыс болса жеткілікті.



**Басқа мысал.** Апелляциялық сатының қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-тің 2020 жылғы 16 қаңтардағы шешімімен «А» ЖШС-ның Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу комитетінің серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрығының күшін жою туралы арызы қанағаттандырылды.

Сот 2019 жылғы 26 тамыздағы қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес Серіктестік Қазалы ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қазалы спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) өткізген газ есептегішті 420 000 теңге сомасына жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы болып белгіленгенін анықтады.

2019 жылғы 6 қыркүйекте Тапсырыс беруші Серіктестікке тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты (бұдан әрі – Шарт) жіберді.

Серіктестік белгіленген мерзімде Шартқа қол қоймаған, осыған байланысты Комитет талапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрықты автоматты түрде қалыптастырған.

Апелляциялық алқа сот шешімін өзгеріссіз қалдырып, Серіктестікте қол қоюдан жалтару ниеті болмағанын, өйткені оны орындау үшін талапкерде еңбек және материалдық ресурстары жеткілікті екенін көрсеткен. Қоғам шартқа қол қою үшін бөлінген мерзім ішінде мемлекеттік сатып алу порталында талапкердің авторизациясы тіркелмегенін растаған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың тұжырымдарын қате деп таныды, өйткені олар істің анықталған мән-жайларына сәйкес келмейді және материалдық пен процесстік құқық нормаларын дұрыс қолданбауға негізделген.

Заңның 43-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын қоса бере отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталына хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландыруға тиіс.

Заңның 44-бабының 1-тармағында, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартты ұсынбаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылатыны көзделген.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

- мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған, жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіретіні белгіленген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларының 22-тармағында, егер жеңімпаз деп танылған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші заңда белгіленген мерзімдерде веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші көрсетілген Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы қабылданатын уәкілетті органның шешімімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне автоматты түрде енгізілетіні көзделген.

Іс материалдарына қарағанда, 2019 жылғы 6 қыркүйекте Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартты қол қоюға жіберген.

Серіктестік Шартты мемлекеттік сатып алу веб-порталына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырмаған.

Осыған байланысты Комитет өз бұйрығымен автоматты түрде Серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізді.

Шартқа қол қою үшін бөлінген мерзім ішінде мемлекеттік сатып алу порталында талапкердің авторизациясы тіркелмегені туралы апелляциялық алқаның тұжырымдарын алқа негізсіз деп таныды.

Қоғам ұсынған ақпарат бойынша Серіктестіктің директоры Д. 2019 жылғы 6, 9 және 10 қыркүйекте мемлекеттік сатып алу веб-порталының жүйесіне кірген.

Осыған байланысты Өнім беруші заңда белгіленген мерзімде шартты электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырудың нақты мүмкіндігіне ие болған.

Жергілікті соттардың «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысының 5-тармағына сілтеме жасау негізсіз. Бұл тармақ бойынша мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін АПКК-нің 6-бабының 6-бөлігіне сай негізге ала отырып, АК-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық

*жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек.*

*Аталған құқық нормасының мазмұны бойынша соттар оны мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюлар бойынша ғана қолданады.*

*Шарт АК-нің 386-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енеді және оны жасасқан сәттен бастап тараптар үшін міндетті болады.*

*Сонымен қата, осы іс бойынша Шарт жасалмаған.*

*«Соттардың Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 29-тарауының нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 20 нормативтік қаулысының 26-тармағында шағымданып отырған шешімнің, әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңдылығы оның нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының құзыреті, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің өкілеттігі шегінде қабылданғанын (жасалғанын) білдіреді деп түсіндірілген.*

*Шағымданып отырған шешімнің, әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңдылығын тани отырып, сот АПК-нің 227-бабының екінші бөлігіне сәйкес, арызды қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім шығарады.*

*Осындай мән-жайларда кассациялық сот алқасы даулы бұйрықты Комитет нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және өз құзыретінің шегінде қабылдады деген қорытындыға келді. Сондықтан сот актілерінің күші жойылып, іс бойынша серіктестіктің арызын қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім қабылданды.*

### **Тұжырымдар мен ұсыныстар**

*Қорыту көрсеткендей, соттар қорытылып отырған санаттағы істерді қарау кезінде заңнама нормаларын негізінде дұрыс қолданған.*

*Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану бойынша республика соттарының алдында елеулі құқықтық проблемалар туындамайды.*

*Қорытуды жүргізу кезінде анықталған қолданыстағы заңнама нормаларының бұзушылықтары тән және жүйелі емес.*

*Сонымен бірге соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы нормативтік қаулының 2012 жылы қабылданғанын ескере отырып, осы жылдар ішінде қолданыстағы заңнама елеулі өзгерістерге ұшырады, осыған байланысты жаңа нормативтік қаулы қабылдау қажет.*

**Заңнаманы дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында:**

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьяларының кеңесінде қорыту нәтижелері талқылансын;
- қорыту облыстық соттарға зерттеу және практикалық қызметте пайдалану үшін жіберілсін;
- қорыту Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бюллетенінде жариялансын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының талдамалық ақпараттық сервисінде орналастырылсын;
- жаңа нормативтік қаулы қабылдансын.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының  
азаматтық істер жөніндегі сот алқасы**





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ  
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**  
ресми басылым

**БЮЛЛЕТЕНЬ**  
**ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**  
официальное издание

Басуға 25.12.2021 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Қаріп түрі “Times New Roman”  
Офсеттік басылым. Таралымы 1666 дана. Тапсырыс № 872.

Подписано в печать 25.12.2021 г.  
Формат 60x84 1/8. Шрифт “Times New Roman”  
Печать офсетная. Тираж 1666 экз. Заказ № 872.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Бәйсейітова көшесі, 114/2.  
Тел.: 37-70-74